

2013 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 шілдедегі N 213 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 тамызда N 4491 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы N 1/4-5/1771 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 12.08.2014 N 1/4-5/1771 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Е. Өмірсеріковке жүктелсін.

3. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

С. Сермағамбетов

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2013 жылғы "17" шілдедегі

N 213 қаулысына қосымша

2013 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.
2. Жасы елуден асқан жұмыссыз тұлғалар.

3. Отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін тұлғалар
4. Бір жылдан ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар
5. Техникалық және кәсіби білім беру орындарының түлектері.

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан